

"Телекоммуникация желілері мен құралдарының бүлінуінен келтірілген шығындарды анықтау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 59 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 20 қарашадағы N 470 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 9 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5967 болып енгізілді

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы 1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Телекоммуникация желілері мен құралдарының бүлінуінен келтірілген шығындарды анықтау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 59 бұйрығына келесі толықтырулар енгізілсін (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 5599 тіркелген 2009 жылғы 10 сәуірдегі "Заң газетінің "

N 53 (1476) жарияланған):

аталған бұйрықпен бекітілген, телекоммуникация желілері мен құралдарының бүлінуінен келтірілген шығындарды анықтау Ережесінде:

5 - тармақ:

мынандай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) байланыс операторының атауы және оның пошталық адресі;";
бүлінген (ұрланған) телекоммуникация желілері мен құралдарының иесі туралы мәліметтер;";

мынандай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Сонымен қатар егер жедел апатты қалпына келтіру жұмыстарын талап ететін телекоммуникация желілері мен құралдарының бүлінуі (ұрлануы) жұмыс уақытынан тыс кезде, түнгі уақытта, демалыс күндері, мереке күндері болса, онда байланыс операторы бүлінген жерді фотосуретке түсіреді, сондай-ақ бүлінген жерді және телекоммуникация желілері мен құралдары бүлінуінің (ұрлануының) сипатын анықтауды визуалды сәйкестендіретін жақын орналасқан объектілер (құрылыш ғимарат, үй Фотосуреттер және бүлінгеннің (ұрланғаның) сипатын анықтауды үәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

Үәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ұсынған материалдар негізінде телекоммуникация желілері мен құралдарының бүлінгендігі (ұрланғандығы) туралы акт жасайды және оған тиісті фотосуреттерді қосады.".

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Байланыс департаменті (А.Е. Баймұратов) заңнамада белгіленген тәртіpte осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бүқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары А.Ә. Әріпхановқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрага

K. Есекеев

К Е Л И С И Л Г Е Н :

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

көмітетіндік төрағасы

----- A . Шабдарбасов

18 қараша 2009 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК